

ӘДІЛЕТ КЕҢЕС БЕРЕДІ

Осы ғасырдың басында әлем цифрлық технологиялар дәуіріне қадам басты. Бір кездері көп уақытты қажет ететін қызметтерді енді үйден шықпай-ақ компьютер алдында отырғып-ақ ала алатын болды. Бұл мемлекеттік басқарудың цифрлық технологияларға ауысып жатқанын көрсетеді.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ АПОСТИЛЬ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

2006 жылы Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конвенциясы құжаттарды электронды апостильдеудің пилоттық жобасын іске қосты. Электрондық апостиль шет елде пайдаланылатын құжаттарды заңдастыруды оңайлату рәсімін көздейді. Қазақстан Республикасында «Е-апостиль» ақпараттық жүйесі арқылы «әділет органдары мен өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» электрондық мемлекеттік қызмет көрсету жобасы 2021 жылғы қаңтардан бастап пилоттық режимде іске қосылды. Бұл мемлекеттік қызметті Әділет министрлігі Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп әзірледі. «Е-Апостиль» ақпараттық жүйесі – құжаттарды тіркеуге және апостиль «мертанбасын» электрондық түрде беруге арналған, апостиль қойылған құжаттардың орталықтандырылған есебі мен бірінші архивін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе. Электрондық апостиль – баспа мөріннің аналогі, электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат. Әзірлеушілердің жоспары бойынша, апостиль қабылданатын мемлекет құжаттың түпнұсқалығын онлайн режимінде тексеруге алады. Құжаттарға апостиль қоюға өтініш беру де оңайлатылды: цифрлық қолтаңбаны пайдаланып, онлайн режимінде беруге болады. 1961 жылғы Гаага конвенциясына қатысушы барлық елдердің электрондық апостиль қою жүйесін енгізуінің артықшылықтары айқын. Құжаттарды апостильмен куәландырудың барлық рәсімі, оны қоюмен айналысатын әділет органдары үшін де, өтініш берушілердің өздері үшін де айтарлықтай жеңілдетілді. Рәсімді оңайлату рәсімдеу мерзімдеріне де заңды түрде әсер етті - келіп түскен құжаттарды қабылдауды, өңдеуді және тексеруді «электрондық үкімет» порталы арқылы Әділет департаментінің қызметкері электрондық форматта бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Сондай-ақ электрондық қызмет Қазақстан Республикасының аумағында ғана емес, одан тыс жерлерде тұратын өтініш берушілерге де онлайн режимінде жүгінуге мүмкіндік береді. Электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) бар өтініш беруші электрондық апостиль ала алады. Бүгінгі күнге дейін, кез келген жағдайда, уәкілетті органға апостиль қою үшін қағаз құжатты ұсыну қажет болды, ал электрондық форматта қағаз құжат қажет емес, ал компьютер болған жағдайда, үйден шықпай-ақ өтініш беруге болады. Егер көрсетілетін қызметті алушы интернетке қосылмаған болса, электрондық мемлекеттік қызметті алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жүгінуге болады. Құжаттарды заңдастыру саласында қағаз жеткізгіштерден электрондық жүйелерге көшу - бүгінгі күннің талабы.

С.ҒАЛИЕВА, Абай облысы Әділет департаментінің коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу және тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімінің бас маманы

Құттықтаймыз! Әкеміз - ҚР Ішкі істер саласының құрметті ардагері, Ақсуат ауданының Құрметті азаматы, әулетіміздің ұйытқысы, балаларының асқар таудай сүйеніші, немерелерінің абыздай ардақты атасы ОРАЗҒАЛИЕВ Қанат Орынтайұлын жеті асудың бел ортасы - 75 жасқа және анамыз - Ақсуат ауданының «Алтын ана» төсбелгісінің иегері, шаңырағымыздың нұр-шұағы мен панасы МҰҚАЖАНОВА Тұрсынхан Құсайынқызын 66 жасқа толған бақытты күндерімен құттықтаймыз! Шаңырағымыздың тамыры терең бәйтерегі мен тірегі болып отырған ата-анамызға ортамыздың қазынасы болып жүре беріңіздер, денсаулықтарыңыз мықты, әдемі өмірлеріңіз ұрпақтарыңыздың қуаныштары мен жетістіктеріне толы болсын деген ізгі тілектеміз! Жетпіс бесін - жеті белес ортасы, Асқар таудың сияқтанған жартасы. Өсіп, өніп қанат жайсақ бүгін біз, Әкелікті ақтай білген арқасы. Құтты болсын мерейлі жастар белесі, Тоқтамасын қызықты өмір кемесі. Ата-ананың жүз жастарын бұйыртысың, Мерейтойлар тойланумен келесі! - деген шынайы ақ тілегімізді өздеріңізге арнаймыз. Ізгі тілекпен, Сәтжан - Арайлым, Ақылбек - Гаухар, Эльдар - Өйгерім, Жандос - Мәлдір, Жания, Таиржан, Әділхан, Әмір, Шахрияр, Бекарыс, Иса, Сұлтанәли, Альмедина, Алясын, Әубәкір, Айниса, Альзада, Асылзада, Қасымхан

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ «Горддорстрой» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. 1. Құжаттаманың атауы: әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар 2. Мемлекет аумағы: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Қараөлең ауылдық округі, Қайнар ауылы: т. 1 ш.б. 49° 13' 33" с.е. 77° 24' 31", т. 2 ш.б. 49° 13' 32" с.е. 77° 24' 41". 3. Өтетін орны мен күні: ҚР, Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Қараөлең ауылдық округі, Қайнар ауылы, ауылдық әкімдік ғимараты, 2025 жылғы 26 ақпан сағат 12.00. Карантин енгізілген жағдайда, тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады. Бұл жағдайда қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өту керек: https://us05web.zoom.us/j/87506769442?pwd=kBv87kYefOHNbz5VWV44hADpoMD5Rr.1 Конференция идентификаторы: 875 0676 9442 Кіру коды: nPMMCO 4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Горддорстрой» ЖШС, БСН 951140000072. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Красин көшесі, 76А, тел. 8-701-978-53-74, e-mail: dorstroy\_semey@mail.ru. 5. Әзірлеуші: «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС. БСН 010240004556. Мекенжайы: 070003, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к., 35, т.ж. 66, тел. 8-(7232) 61-05-32, 76-60-62, e-mail uklab\_ecolog@mail.ru. 6. Жобалық құжаттама пакетімен бірінші экологиялық порталда танысуға болады https://ecorportal.kz/, сондай-ақ Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/?lang=ru 7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша сұратуға болады: «Горддорстрой» ЖШС, БСН 951140000072. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Красин көшесі, 76А, тел. 8-701-978-53-74, e-mail: dorstroy\_semey@mail.ru ; «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, БСН 010240004556. Мекенжайы: ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н. т. 66, телефон 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab\_ecolog@mail.ru. 8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық - rrgidnuyee-resursy-obl.abay@mail.ru; пошта - Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30. Телефон 872235-44-32 (Лицензия № 01039P (0041574) 14.07.2007 ж. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі берген).

Сөзжұмбақ

Сөзжұмбақ сұрақтары мен жауаптарының сәйкестендірілген кестесі.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА» «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасын іске асыру аясында 2024 жылы көмелетке толған отандастарымыздың нысаналы жинақтарды пайдалануы бойынша алғашқы қорытынды шығарылды.

5,32 млн АҚШ доллары нысаналы мақсаттарға пайдаланылды

Еліміздің азаматы болып есептелетін барлық балаларға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алғашқы қаражат есептелген сәттен бастап 01.01.2025 ж. жағдай бойынша «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі - БЖЗҚ, Қор) шамамен 5,32 млн АҚШ долларына 53 001 өтінішті орындады (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында 2,96 млн астам АҚШ долларына 29 542 өтініш, білім беру ақысын төлеу үшін 2,35 млн астам АҚШ долларына 23 459 өтініш қанағаттандырылды. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін ғана пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған сома нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады. Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (шамамен 2,89 млн АҚШ долларына 28 752 өтініш орындалды), азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) - 24,57 мыңнан астам АҚШ долларына 245 өтініш, тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу - 23,12 мыңнан сәл асатын АҚШ долларына 232 өтініш.



Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (шамамен 1,98 млн АҚШ долларына 19 728 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (шамамен 282,97 мың АҚШ долларына 2 820 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (79,29 мыңнан астам АҚШ долларына 790 өтініш орындалды) төлем жасау. Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады. Естеріңізге сала кетейік: - нысаналы талаптарға Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған, нысаналы талаптарға құқығы бар азаматтары қатыса алады; - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) жыл сайын (1 қазан) БЖЗҚ-ға нысаналы талаптардың жалпы сомасы, орташаланған инвестициялық кіріс мөлшерлемесі және нысаналы талаптарға қатысушылардың бұрын қалыптастырылған нысаналы талаптарына есептелген инвестициялық кіріс сомасы туралы ақпаратты қамтитын есепті жібереді; - БЖЗҚ жыл сайын, есепті жылдан кейінгі бірінші айдың 15-нен кешіктірмей «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан (ЖТ МДҚ) демиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір жолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (79,29 мыңнан астам АҚШ долларына 790 өтініш орындалды) төлем жасау.

ГАЗЕТТІҢ № 156 САНЫНДАҒЫ СӨЗЖҰМБАҚТЫҢ ЖАУАБЫ

Сөзжұмбақ жауаптарының сәйкестендірілген кестесі.

БОЛАШАҚТА ҚАНДАЙ МАМАНДЫҚТАР ПАЙДА БОЛАДЫ?

Ғылым және жоғары білім министрлігі болашақтың мамандықтарын атады. Жаңа мамандықтар атласына сәйкес, таяу болашақта Қазақстанда келесідей жаңа мамандықтар пайда болады. Ауыл шаруашылығы Еліміздің агроөнеркәсіптік кешені саласында бес бірдей жаңа мамандық пайда болады. Ведомствоның мәліметінше, 2025 жылы инновациялық биопрепараттар технологиялары және агроном-экономистерге қажеттілік туындайды. Алдағы бесжылдықта ауыл шаруашылығы өндірісін автоматтандыру және роботтандыру жөніндегі инженер немесе агроинформатик, эко-ыдыс жөніндегі маман және робот техникасы бойынша оператор да қажет болады. Құрылыс 2025 жылы цифрлық жобалаушы (ВМ маманы) және ұшқышсыз ұшу аппараттарының диспетчері қажет болады. Сондай-ақ жақын арада салаға робототехника бойынша техниктер, экологиялық достық құрылыс материалдарын өзілеу жөніндегі инженер-технологтер және энергия үнемдеу технологиялары инженерлеріне сұраныс болады. Тау-кен металлургия саласы Жақын арада процестерді бақылау және геологиялық барлау ұшқышсыз ұшу аппараттарының операторларына, блокчейн желілерінің әкімшілеріне, жабдықтарды жөндеу және жаңғырту жөніндегі супервайзерлерге, логистикалық ағындарды оңтайландыру менеджерлеріне қажеттілік туындайды. 2030 жылға дейін жабдықтар жаңарту инженерлері қажет болады. «ST» - ақпарат

Газет 1917 жылдың 17 маусымынан жарық көре бастады. «Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған. Директор - бас редактор РИЗА АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА. Редактордың орынбасары - жауапты хатшы РОЗА ПУШПАҚОВА. Газет «АВАИ АИМАҚ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы «Реklamный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады. Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді. Аптасына үш рет - сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады. Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің қуырында. Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08. Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32. ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 20555. Кезекші редактор Сымбат ЖАЙСАНБЕКОВА.